

● ПРЕЗИДЕНТ

БІРҚАТАР ЖАҢА ЗАҢДАРҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды. Атап айтқанда, Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Сонымен бірге Нұрсұлтан Назарбаев «Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісімді ратификациялау туралы» заңға қол қойды. Бұл келісімді іске асыру Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану саласындағы Каспий маңы мемлекеттерінің күш салуларын біріктіруге мүмкіндік береді.

● ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ӨҢІРАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ XII ФОРУМЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТТІ

Кеше Үкімет үйінде ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығы етуімен Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастығының XII форумын өткізу мәселелері бойынша кеңес өтті. Аталған форум осы жылы 16 қыркүйекте екі ел Президенттері Н.Назарбаев пен В.Путиннің қатысуымен Сочи қаласында өтеді. Шараның басты тақырыбы агроөнеркәсіптік кешен және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық болды. Форум аясында «агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ресейлік-қазақстандық ынтымақтастық перспективалары» атты мамандандырылған көрме, дөңгелек үстелдер, қазақстандық-ресейлік іскерлік кеңес отырысы, жастар форумын өткізу жоспарлануда. Кеңес қорытындысы бойынша Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік органдарға форумға дайындық бойынша ұсыныстар өңдеуді жеделдетуді тапсырды.

МҮГЕДЕКТЕРГЕ «КЕДЕРГІСІЗ ОРТА» ҚАЛЫПТАСАДЫ

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау, оларды қоғамға бейімдеу мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен, әлі де болса, шешімін таппай жатқан мәселелер қаншама. Қарапайым пандустардың өзі мүгедек жандардың ғимараттарға кіріп-шығуына ыңғайсыз. Тек, бар деген аты ғана. Бұл біз білетін бір ғана жайт. Ал күнделікті өмірдегі оларға кездесетін қиындықтар бұдан да күрделі. Мүмкіндігі шектеулі жандар тап болатын осындай кедергілерге бей-жай қарамаған «Ізет» қоғамдық қоры жаңа жобаны қолға алып жатыр. Құрылынына екі жыл болған оның бастамасына еліміздегі БҰҰ Даму бағдарламасы қолдау көрсетуде. Олар әлжуаз топ өкілдеріне «Кедергісіз орта» қалыптастыруды мақсат етіп отыр. – Бұл жоба еліміздегі мүгедектердің құқығын қорғау заңына сәйкес жасалады. Негізінде қоғамдық орындарда барлық қызмет оларға қолжетімді болуы керек. Алайда, халыққа қызмет көрсету орталығы да қажетті құралдармен толық жабдықталмаған. Қарапайым пандустар облыс әкімшілігі мен жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ғимаратында ғана талапқа сай келеді. Осындай жағдайды ескеріп, басқаларға үлгі ретінде бұл жобаны жүзеге асырудамсыз. Құны 1,5 млн теңге болатын жоспар толық жүзеге асқанда мүгедектерге арналған сангигиеналық кабинеттер жабдықталады. Сонымен қатар, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасындағы әр кабинеттің есігіне мамандардың нендей қызмет атқаратындығы қосымша Брайль алфавитімен де жазылмақ. Бұны Алматыдан келген мамандар жүзеге асырады. Қыркүйек айына дейін ғимаратты толық жабдықтап бітесіз деген ой бар, – дейді «Ізет» қоғамдық қорының директоры Шыңғыс Үмбетов. Бұл бастамаға аталмыш басқарма мамандары да дән риза. Осыдан соң, оларға келіп түсетін арыз-шағым азаяды деген үмітте. Себебі мұнда осы уақытқа дейін 27 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі жан тіркелген. Демек, күніне мыңдаған жан қолайлы жағдайдың жоқтығынан қиындыққа тап болады деген сөз. Қызылорда облысы – қоғамның әлжуаз топтарына «Кедергісіз орта» қалыптастыруды қолға алып отырған төртінші аймақ. Қазір мұндай жоба Қарағанды, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында жақсы нәтиже көрсеткен. Біздегі бастамашыл топ өкілдері де жұмыстарының одан әрі жанданып, барлық басқармалар тарапынан қолдау табады деген үмітте.

Мәлімді ТОҚТАСЫҢҚЫЗЫ.

● ДЕНСАУЛЫҚ



Медицина саласы уақыт өткен сайын дамып келеді. Бұрын жүрекке күрделі ота жасау, адам ағзасын ауыстыру дегенді теледидардан шет елдік дәрігерлердің жасап жатқандығын көретініміз. Ал қазір Астана, Алматы тұрмақ, қызылордалық дәрігерлер де мұндай отаны жасауға маманданып келеді. Дегенмен, балалар дәрігері мен балалар ауруханасының жайы аймақ медицинасының ең жанды жеріне айналды. Аналардың барлығы дерлік облыстық балалар ауруханасының ахуалын сыңға алып жатады. Іші тар, науқас саны көп. Алайда, бір жылдыз артқа салсақ, күрмеуі қиын түйіннің шешілері анық. Оған қаланың Тасбөгет кенті аумағынан бой көтеріп келетін балаларға арналған медициналық қалашық себеп болмақ.

БАЛАЛАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ



Былтыр іргетасы қаланған балалар ауруханасы 200 адамға арналған. 6,8 гектар жерді алып жатқан нысан заманауи үлгідегі 4 негізгі бөліктен тұрмақ. Мамандар ғимараттың инфрақұрылымы жүйелі түрде жолға қойылатындығын айтып отыр. Ауруханаға жеке подстанция орнатылып, табиғи газбен жылытылады деп күтілуде. Қажет болса, сұйық отынға ауыстыруға да мүмкіндік бар екен. Сондай-ақ, медициналық орталықтан шыққан қалдықтарды залалсыздандыру мәселесі де назардан тыс қалмаған. Ол үшін арнайы құрылғы қойылады. Онда қалдықтардың көзі жойылғанымен, ауаға зиянды қалдықтар тарамайтын көрінеді. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін жедел жәрдем мәселесі де шешілмек. Аурухана базасында 10 көлікке арналған автотұрақ салынып, кем-кетіктерін жөндейтін орын да жабдықталмақ.

Бұл өз кезегінде «103» қызметін жақсартып, жедел жәрдемің науқастарға уақытылы жетуіне жол ашпақ. Сонымен қатар, мамандар аурухана ішінде де аналар мен балаларға жайлы жағдайды қалыптастыруға барын салуда. Ғимарат заманауи талаптарға жауап беріп, ақ халаттылар сапалы, жүйелі қызмет көрсететін болады. 12 бөлімнен құрылатын медициналық нысанда жалпы хирургия бөлімінің, аллерголог, уролог, тіпті күрделі жарақаттарды емдейтін нейротравматолог мамандар жұмыс жасайды деп күтілуде. Жасалған жобаның бұдан өзге де артықшылықтары жетерлік. Онда әр бөлмеге суға түсетін орын да қарастырылған. Ал балалардың көңілін аулап, қатарға тез қосу мақсатында арнайы ойын бөлмесі қажетті жөндармен жабдықталатын болады. «Спорт – денсаулық кепілі» демекші, ересек балаларға ойын және спорт алаңдары жасалмақ.

Нысан құрылысымен таныса жүріп, жобаның жан-жақты талқыланып, елеп-екшілеп жасалған дүние екендігін аңғаруға болады. Егер жоспар ойдағыдай жүзеге асса, онда Қызылордада кадр тапшылығы мәселесі де шешіледі. Себебі мұнда балаларды ауруынан айықтырумен қоса, маман даяр ісі де қолға алынбақ. Аурухана жанынан арнайы клиникалық оқу бөлімі ашылып, дәрігерлердің білімін шыңдап, тың дүниелерді үйренуге жетелемек. Ал мұндай жауапкершілігі мол жұмысты «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС өз мойнына алған. – Қазіргі таңда жұмыс ойдағыдай жүріп жатыр. Жобаның жалпы құны 6,8 миллиард теңге. Бес қабатты болатын нысан сызбасын «Промстрой-проект» ЖШС дайындады. Ғимаратты тұрғызуға талапқа сай, қаланың ауа райына төзімді материал-

дар таңдалып алынды. Олардың дені Қазақстанда жасалған. Тас, кірпіш, гипс жергілікті жердікі. Цемент Шымкент пен Өскеменнен, қызыл киші Қокшетау мен Хромтаудан келініуде. Қазір 250 жұмысшы 60 техниканың көмегімен үш қабатты соғып бітірді. Ал шаруашылық бөліктегі жұмыс әне-міне дегенше аяқталып қалады, – дейді аталмыш мекеменің атқарушы директоры Жоламан Спанов. Қазіргі таңда нысан басы қоршалып, қарқынды құрылыс жүріп жатыр. Әр минуты санаулы құрылысшылар да уақытпен санаспай жұмыс атқаруда. Онда аспанмен таласқан кран мен түрлі техника даусынан құлақ тынады. Ал келесі жылы желтоқсаннан бастап бұл жан адам танымастай өзгеріп, алғашқы емделушілерін қабылдайды деп күтілуде.

Мәлімді ҚОЖАХМЕТОВА.

ЖОБАДАН ӨНДІРІСКЕ



ҚЫЗЫЛОРДА ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫ БОЛАТТАЙ БЕРІК ӘРІ САПАЛЫ ӨНІМ ШЫҒАРАДЫ

Аймақ экономикасының локомотиві «Ферроқорытпа зауытының құрылысы» жобасы өңірдегі үлкен жобалардың біріне айналмақ.

Өткен аптада облыс әкімінің орынбасары Ғалым Өмірректің төрағалығымен «Кешенді қорытпа шығаратын ферроқорытпа зауытының құрылысы» жобасының қоршаған ортаға әсер етуінің алдын ала бағалау жайында қоғамдық тыңдау өтті.

Бүгінгі күні «Байқоңыр» ӘКК «Қуаттылығы 162 мың тонна төмен алюминийлі ферросилиций шығаратын ферроқорытпа зауыты» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындады. Осыған орай, жергілікті ғалымдар мен республикалық ұлттық орталықтан мамандар шақырылып қоғамдық тыңдау өткізілді. Мәжілісте мамандар жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің басты көрсеткіштеріне арнайы тоқталып өтті.

Жобаға атсалысып жатқан «ҚР минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу Ұлттық орталығы». Ақтөбе, Ақсу, Павлодар, Екібастұз және Тараз қалаларындағы зауыттардың құрылыс жобаларына қатысқан Ұлттық орталық бүгінде Қырғызстанда тағы бір зауыт салып жатыр. Мекеме директорының орынбасары Мыңжасар Айсаяуов, «Қызылорда зауыты өнім берген кезде өте сапалы болат қорытпасын береді. Өйткені құрамында 0,2 пайыз ғана құрайтын алюминий, болат темірдің жоғары сапасына айналады. Қазіргі кезде мұндай жоғары сапалы болатты еліміз Франциядан алып жатыр», - дейді.

Ал, Ұлттық орталық бөлімшесінің лаборатория жетекшісі Әсем Тахамбетованың айтуынша, зауыт іске қосылған кезде шикізатты сырттан тасымалды, қажетіне жарайтын шикізат өнімдері аймақтың химиялық

элементтерімен-ақ толығады. Сонымен қатар, зауыт мұржасынан шығар шаң және газға арналған өте қауқарлы фильтр қаралып отырғанын жеткізді. Ол 99,9 пайызға жұмыс істейді және қалдық газды жылу энергиясына айналдыруға болады.

Ғалымдардың айтуынша, дала қосында қалған күрші сабағы да көп кедеге жарайды екен. Яғни, өңделген сабаннан кремний көмірқышқыл мен алюминийдің аз мөлшері шығады. Ал егер өндіріске салса таза ферросилицийге қол жеткізуге болады екен.

Қоғамдық тыңдау қорытындысымен «Ферроқорытпа зауыты» жобасы бойынша қоршаған ортаға әсер етуінің алдын ала бағалауының нәтижесі бойынша хаттамаға қол қойылды.

Сөз жоқ, аталған жоба жүзеге асуымен аймақ экономикасына оң әсерін тигізеді. Жаңа жұмыс орындары ашылып, бюджетке салық түсімі артады, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер пайда болады. Бұл жоба облыс халқы үшін өте жағымды жаналық болғалы тұр. Зауыт салынып, іске қосылған жағдайда мұнда 700-ге жуық адам жұмыс жасайтын болады. Бұл облыс әкімінің бастамасымен қолға алынып жатқан аймақ экономикасын әртарапандыру, оның ішінде металлургиялық кластерді қалыптастырудағы алғашқы ірі нәтижелердің бірі. Негізінен металлургиялық кластер Қазақстанның жаңа тау-кен металлургиялық орталықтың қозғалтқыш күші ретінде Қызылорда облысын жасақтауға және сирек кездесетін металдарды экономикалық айналымға енгізуге мүмкіндігін береді.



Бүгінде «Ферроқорытпа зауыты» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі дайын. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, жыл соңына дейін мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, құрылыс жұмыстары басталмақшы. Кәсіпорын құрылысы үшін бұрынғы ЦКЗ орнынан және Қызылорда ТЭЦ-не қарасты аймақтан 50 га жер учаскесі берілді.

Кластер құрылымында инновациялық қызмет көрсету инфрақұрылымын жасақтау көзделеді. Мәселен, жаңа кен орындарын-

да металдардың қорларын анықтау бойынша жұмыс жоспарланып отыр. Сондай-ақ, металлургиялық кластер мүшелеріне және серіктестеріне ҒЗТҚЖ жобалық конструкторлық жұмыстар және басқа да инжиниринг саласында қызмет көрсетілімек. Ферроқорытпа зауыты облыс орталығының индустриялық аймағында орналасатын болады. Қазірдің өзінде бұл жерде шыны зауыты және құбыр шығару өндірісін салу үшін алаңдар бөлінді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● БРИФИНГ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Майра Баракбаева БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Жиында Елбасының «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық реформасы сөз болды.



БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМА қала құрылысы қарқынын ілгерілетеді

Елбасының «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық реформасының 46, 48-қадамында «Құрылысқа рұқсат алудың 3 сатылы қағидасы» мен «Құрылыстың сметалық құнын анықтаудың ресурстық әдісін енгізу» жайында айтылды. Сонымен қатар, 49-қадамында «Кенестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан құрылыстың ескірген нормалары мен ережелерінің орнына Еуропалық жүйесін енгізу» төңірегінде баяндалады. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісіне сәйкес құрылыс бастауға рұқсат беру индикаторы бойынша, өткен жылы мемлекетіміз 152-орынды иеленсе, биыл 154-орынға тұрақтады. Осыған орай алдағы жылы «Doing Business» рейтингісіндегі құрылысқа рұқсат беру индикаторы бойынша мемлекетіміздің ұстанымын жақсарту жоспарлануда. Бес институттық реформаға сәйкес, рұқсат алуды онтайландыру және құрылысқа рұқсат алудың үш сатылы қағидаты енгізілді. Жалпы бұрын құрылысқа рұқсат алу тәртібі 25 рәсімнен тұрып, кемінде 183 күнді талап ететін. Ал

қазір қолданыстағы заңнама талаптарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес бұл тәртіп 7 рәсімнен тұрып, құрылысқа рұқсат алу 16 күннің ішінде жүзеге асырылады. Ресурстық әдіспен құрылыстың сметалық құнын анықтау тәртібі 3 кезеңмен жүргізілетін болады. Осы кезеңдер бойынша ресурстық әдіспен құрылыстың сметалық құны анықталып, құрылыста баға қалыптастырылуын жаңа әдісі енгізіледі. Сонымен қатар, жаңа материалдармен, жабдықтармен және технологиямен сметалық-нормативтік базаны жедел жаңарту қамтамасыз етіледі.

2015 жылдың шілде айынан бастап Қазақстанда Еурокодтар жүйесіне негізделген жаңа нормативтік база қалыптастырылды. Нормативтік база бойынша, кенестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан құрылыстың ескірген нормалары мен ережелерінің орнына жаңа нормативті базаларды енгізу жұмыстарын толықтай 2021 жылға дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ӨНІРДЕГІ ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

АРАЛДЫҢ
АҚ АЛТЫНЫ

Сонау жетпісінші-сексенінші жылдары даму сатысының шырқау биігіне көтерілген “Аралсульфат” аталған кен орны нарықтық экономикаға бетбұрыс басталған 1993 жылы “Аралтұз” акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. Сол жылы 7 млн 891 мың теңгенің тауарлы өнімі шығарылып, 575 мың тонна тұз өндірілсе, оның 400 мың тоннадан астамы тұтынушыларға жөнелтілген.

Кенестік кезеңде жылына 650 мың тоннаға дейін тұз қазуды қамтамасыз етіп, тамақ өнеркәсібі саласы бойынша Одақтың ауыспалы «Қызыл туын» елу мәртеден астам жеңіл алған комбинатқа Одақтың тарауы экономикалық байланыстарда кедергі келтіріп, “Аралтұздың” адымын аштырмады. Өнім өндіру жүз мың тоннаға дейін азайып кетіп, тек газсырлар тоғысында ғана жағдай біршама қалыпқа түскен. Нарықтың қатап заңы талай құрылымның тірлігін тұрталатып жатқанда, “Аралтұз” акционерлік қоғамы қиындық құрауына шыдас беріп, тұз өндірушілердің еңбекқорлығы мен табандылығы оларды атақасіптерінен тайдыра алмады. Осылайша ауыр жылдарды артта қалдырған “Аралтұздың” тынысы ашылып, бүгінде аяғына нық тұрған. Тұзшылар қауымы өздерінің сапалы тауар шығаратындарын

өз тұтынушыларына жөнелтілуде.

Өндірісті дамытудың жоспарына сәйкес маркетингтік зерттеулер нәтижесінде мал азығына қажетті брикеттелген тұз өндіру қолға алынды. Жөндеуден өткізілген ескі қоймаға қойылған төрт станоктан ауысым кестесіне сәйкес тәулігіне қырық тонна, ал айына мың тоннаға дейін өнім өндіру жоспарланған. Брикет бөлімшесінде



мақтан тұтады.

2012 жылы жана инвестор келуіне байланысты кен орнында тіптілікті жұмыстар жүзеге асырылды. Әсіресе, 2013 жылы ауқымды жұмыстар атқарылды. “Аралтұз” акционерлік қоғамы өз қаражаты есебінен жана нең сапды. Оған испан өндірісінің заманауи технологиялары сатып алынып, жанарғылан желі тамыз айында іске қосылды. Бұл өз кезегінде 125 жұмыс орынын ашылуына мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ, тұз қатпауа пехы да барынша жанартылды, ондағы Санкт-Петербург қаласынан шығарылған бес “Питлак” автоматы өнім көлемін арттыруға себін тигізді. Аталған қос пехта 300 тоннаға дейін бірінші сортты ас тұзы өндіріледі десек, жаз айларында ол 500 тоннаға дейін жетіп жатығалды екен. Жана пехта бір келілік пакеттегі ас тұзы, ал екісікінде сонымен бірге он, отыз, елу келілік каптардағы ас және техникалық тұздар шығарылуа. Тағы бір өнім – бір тонналық техникалық тұз

қырықтан астам адам жұмыс жасайды. Сондай-ақ 100, 200 және 250 грамм құтыға жоғары сортты өте майда тұз қатпалайтын құрылым да іске қосылыпты. Бұл пехтан да он бес жана жұмыс орны ашылыпты. Үстіміздегі жылы полимер пехының жұмысы да толық іске қосылды деп күтілуде.

Косіпорын жана технологиямен қайта жарактандырылғаннан кейін өнімнің сапасы айтарлықтай артып, қазіргі таңда мынадай асортименттермен шығарылуа. Алдымен тағамға арналған (ұнтақтығы №1) өнімге тоқталсақ, полистилен пакеттерге бір келіден қатпаланған йодталған ас тұзы. Оның пленкаға отыз келіден, коллипропилен қапшықтарға жиырма екі келіден оралған түрлері, сондай-ақ полистиленнен астары бар полипропилен каптарға он, отыз және елу келіден қатпалған түрлері де бар. Ал техникалық мақсаттарға арналған (ұнтақтығы №2) өнімдер жабық вагонға бос тиелетін, алпыс килограмдық каптармен және



жылына 200 мың тонна болса, инвестиция көлемі 220 млн АҚШ долларын құрайды.

Жобаны іске асыру үшін Харьков қаласындағы НИОХИМ институтын жобалаушы ретінде тарту көзделуде. Аталған құрылым Кеңес Одағы кезінен қалыңйлендірілген сода шығару өндірісі бойынша жұмыс жасап келе жатқан Ресей, Украина, Белоруссия және Өзбекстан елдерінде алдыңғы қатарлы инжинирингтік компания болып табылады. Институтпен өндірісті жобалау үшін алдын ала келісім де алынған. Қалыңйлендірілген сода химиялық өндірісте синтетикалық жуу құралдары және майлы қышқылдарды өндіруде, т.б. пайдаланылады. Қалыңйлендірілген содаға шикізат ретінде әктас және қосымша пайдаланатын жерасты суы қажет. Әктас шикізатымен қамтамасыз ету үшін Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасынан, ал сумен қамтамасыз етуде Өнтүстік Қазақстан “Оңқазжерқойнауы” өңіраралық департаментінен мәліметтер алынған.

“Аралтұз” акционерлік қоғамында былттырғы 22 желтоқсанда “Техникалық және ас тұзын өндіру” өндірісін жаңғырту жобасы іске қосылды. Жоба құны 1,5 млрд теңге болғанымен, қажетті жұмыстарды толық аяқтау үшін қосымша 600 млн теңге қаржы жұмсалыуына орай жалпы инвестиция көлемі 2,1 млрд теңгені құрады. Косіпорынға тұз өндіруге арналған құрал-жабдықтар шығарудан дүние жүзінде көшбасшы саналатын Испан мемлекетінің “Construcciones Mecanicas J.SERRA, S.A.” компаниясының заманауи құрылғылары алынған.

Атап өту қажет, жана зауыт іске қосылғанға дейін косіпорын жылына 120 мың тонна тұз өңдеп шығарған десек, оның 80 мың тоннасы ас тұзы да, қалғаны техникалық тұз. Қазіргі таңда өндіріс қуаттылығы 1,7 есеге ұлғайып, өнім көлемі 213 мың тоннаға жеткен болса, бұның 147 мың тоннасы ас тұзы, 66 мың тоннасы техникалық тұз. Жоба бойынша 343 жана жұмыс орынн құру көзделсе, жалпы алғанда акционерлік қоғам бойынша барлығы сегіз жүзге жуық жұмыс орны құрылып, оның 95 пайызын жергілікті тұрғындар құрауда.

Токсан жылдық тарихы бар “Аралтұз” акционерлік қоғамы бір сөзбен айтқанда, 5 мыңнан астам халық тұратын тұзшылар ауылының тіршілік көзі болып қана қоймай, олардың әлеуметтік іс-шараларының бірден-бір қолдаушысы да. Тұзшылар қауымына табиғаттың берген сыйы қазіргі таңда Ресей және Қырғызстан мемлекеттері мен еліміздің ішкі нарығында сатылуа.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

БЕЙБІТ КҮННІҢ
БАТЫРЫ

Тілін сұмандатып лапылдай жанған отқа, бет қаратпас қызыл жалынға қарсы баруға кез келген адамның батылы жетпейді. Бұл – нағыз ер-азаматтың батылдығын, көсіби шеберлігін шыңдайтын сын. Сондықтан да санаулы минутта басын қауіп-қатерге тігіп, отпен арпалысып, өзгелердің өмірін қызыл жалыннан арашалап алып жүрген азаматтарды да қазіргі заманның қаһарманы, нағыз батыр деуге болатындай. Бұлар өздеріне артылған сенімге әрқашан жауапкершілікпен қарайды. Әрдайым қызметтің ыстығына күйіп, суығына тоңуға даыр. Сондай жандардың бірі – өрт сөндіруші, құтқарушы, радиобайланысшы Асхат Қошқаров. Ол 1988 жылы 31 қазанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. №187 Мұстафа Шоқай атындағы орта мектептің түлегі. Қазіргі таңда Көкшетау техникалық институтында «Өрт сөндіру қауіпсіздігі» мамандығы бойынша білім алуа. Өртке қарсы қызметте 2006 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Еңбек жолын Өнтүстік өңірлік аэромобилдік жедел құтқару жасағында бас маман, бас құтқарушы болып бастаған. 2007-2008 жылдары ҚР Қарулы Күштері қатарында аға сапер болып, кіші сержант әскери шенін алып қайтады. Қазіргі таңда Қызылорда облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» мемлекеттік мекемесінде жұмыс істейді.

«Өке көрген ок жонар» демекші, оның өрт сөндіруші мамандығын тандауына әкесі мен ағалары себеп болыпты. Олар осы саланың нағыз майталмандары екен. Асхат қауіп пен қатерді қаперіне алмай, ел байлығы мен адам өмірін сақтауға бар ғұмырын арнайтын құрметті мамандық иесі – өрт сөндіруші болғанын мақтан тұтады.

Өрт – тіпсіз жау. Кешіксең, кешірмейді. Сәл тосылсаң, ол тажал әп-сәтте-ақ айнала-сын жалмап тынары анық. Сол себепті, ондай жаумен күресетін азаматтың да ерік-жігері мықты болғаны жөн-ақ. Осы қасиеттер Асхат Қошқаровтың бойынан табылады. Ол – апатты және өрт жағдайында әрдайым бірінші болып әрекет ететін өрт сөндіруші һәм құтқарушы.

– Өрт сөндіру, қайғылы жағдайларға куә болу адамның жүйкесіне әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан жүйкесі темірдей мықты, шыдамды, білікті болу керек. Қандай қауіп-қатер, авариялық құтқару жұмыстары, өрт сөндіру болсын «тек қана алға» деген ұрпаңнан айынамауы шарт. Біздің жұмыста артқа шегінуге еш жол жоқ, артына қарауға да болмайды. Жұмыс барысында “құтқару керек” деген ой ғана сені мазалауы шарт, – дейді Асхат.

2012 жылдың күз айында түнгі сағат үште орталық өрт байланыс бекетіне Қызылорда қаласы Жанқожа батыр көшесіндегі №46 үйдің жанып жатқаны жайлы хабар түседі. Оқиға орнына №11 МӨСБ өрт сөндірушілері



жылдам жетіп барады. Солардың ішінде Асхат Қошқаров та бар. Жалын шарпыған тұрғын үйде алты адам қалып қойыпты. Қасындағы әріптесі Нұрбол Тұяқбаевпен бірге Асхат дереу әрекетке көшті. Жауынгерлік киімнің белдігін терезенің темір торына орап, бұзып ашады. Сөйтіп, үй ішіндегі жалындаған от ортасынан алты адамды құтқарады. Бұдан бөлек, аулада өрт ошағына жақын тұрған жеңіл автокөлікті қауіпсіз жерге шығарады. Дер кезінде тапқырлық танытып, ержүректілік көрсеткені үшін Асхат Ұзақбайұлы «Ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Кез кезген сын сәтте сақалай сай тұратын құтқарушы А.Қошқаров биыл қыста Жезқазған-Қызылорда автожолы бойында көліктер мен елуден астам адам қар құрауында қалып қойғанда да біліктілік пен шыдамдылық танытты. Бұдан басқа, ақпан айында «Күмкөл Сервис» серіктестігіне қарасты «Сарыбұлақ» мұнай-кен орнында болған апатты жоюға қатысты. Мұнда газ құбырынан атқылаған газды тоқтату оңай тиген жоқ. Өз ісіне адал мамандар үлкен апаттың алдын алып, жарылысты болдырған жоқ. Асхат пен оның әріптестерінің еңбегі еленіп, марапатқа ие болды.

– Республика, облыс көлемінде, ұжымда еңбегім бағаланып, біраз марапаттауға ие болдым. Әріне, мақсатым бұл емес. Адам мақтанды өзі іздемеуі керек, адал еңбек етсең, мақтан адамды өзі тауып алады. Қазақ «Ерлік білекте емес, жүректе» деген. Шын жүректен, ержүректен халыққа риясыз қызмет етіп, қажетіне жарап жатсам, ел алдындағы азаматтық борышымды орындап жатқаным деп білемін, – дейді Асхат Қошқаров.

Дәурен ОМАРОВ.

ТІЛЕКТЕСТІК

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты аудандық және қалалық басылымдарда кадрлық өзгерістер болды. Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің бас редакторлығына қарымды қаламгер, ақын Дүйсенбек Аяшұлы, Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің басшылығына белгілі журналист Әділжан Үмбет тағайындалды. Әріптестерімізді жана қызметтерімен құттықтай отырып, оларға шығармашылық табыс тілейміз.

“Сыр медиа” ЖШС ұжымы.

• ЖЕҢІС ЖЫРЛАРЫ

МАЙДАННАН КЕЛГЕН
ӨЛЕҢ-ХАТТАР

Соғыс жылдарындағы өлемен жазылған хаттар... Сол бір ел басына күн туған қатерлі шакта еліне деген сағынышын баяндайтын, тұма-туыс, туған жерге деген махабат пен жауды ертерек жеңіп елге оралсақ деген армандардан сыр шертетін хаттар толастамаған. Майданнан келген хат – бір отбасының жәдігері. Өкініші, сол хаттар сақталмаған. Кескілескен шайқастың ортасында жүріп ұрыс арасында қолы қалт еткенде жанын шүберекке түйіп отырып жазған осы хаттар майдангердің елге деген шексіз сағынышын білдірер еді.

Жалағаш ауданы Жанаталап ауылынан Отанын қорғау үшін майданға аттанған жауынгер ағаларымыздың ұрыста жүріп, шапғайда қалған туған-туысқандарына жазған хаттары туралы айтпақпын. Бұл жырларды мен қазіргі күні домбырамен термелетіп айтып отырамын. Бір сәтке көз алдымнан өткен күндер легі өтеді. Кешегі сұрапыл соғыс жылдарында менің анам Қоңырша Мұсаева (1924-1997 ж.ж.) майдандағы туысқан ағаларымен үнемі хат алысып тұрған. Ол кезде ауылда сауатты адам аз болыпты. Ол майданнан келген хаттарды ауылдастарына оқып беріп, ағаларына уақытылы жауап қайтарып отырған. «От ішінен келген әрбір хаттың жолдарынан соғыстың демі, ұрыс даласындағы қиыншылыққа толы күндер, солдаттың Жеңіске деген сенімділігі сезілер еді. Сол кездегі адамдар әрбір келген хат-хабарды «қара қағаз» болмаса екен деген қорқынышпен ашатын», – деуші еді анам марқұм. Ол кісі кешеге дейін сол өлеменмен жазылған хаттарды ынылдап жатқа айтып отыратын. Енді есімде қалған жырларға кезек берейін. Жауынгер ақын Әдіс Ахетов ағамыз өлеменмен жазылған хатын ауылда тұратын барша туған-туысқа арнапты:

«...Ал, дұғай жаздым сәлем, өскен елге, Ансаған аты қымбат туған жерге. Тамыры тастан қатты болса-дағы, Ерімес жүрек бар ма ел дегенде? Ұлыңа риза бол, Ұлы Отаным, Қан түгіл, жанды қиям сен дегенде! Қамқоршы ғаріп ана қарияларға, Ізгілі бастас өскен жегелерге. Қатары қариялардың азайыпты, Болмаса қалғандары шенде-шенде. Күте біл қолыңдағы күмісінді, Басқанң алтынына басыңды име! Бүркітңің бөрі алмасын, қоян алсын,

Өзің біл, сырт дұшпанға сыр білдірме!

Қатары қариялардың азайыпты, Өшет, Уәли, Жүсіп, Жәли және Жахия – Шалдардан соң шығар төрге».

Ал, майдангер Әлібек Құлмышов ағаның хаты былай бастала-тын:

«Хат жаздым қалам алып, жан Балайым, Қиялдың кең жеріне қол салайын. Осындай қиыншылық еске түсіп, Сөз құрап, жаным, саған хат жазайын! «Көкемді сағындым» деп хат жазыпсың, Туысқан бауырласым, айналайын! Жаным-ау, мен де өзіңдей көкше көз боп, Алыстан ансап жүрген мен ағайын. Алыстан арып-ашып келгенімде, Алдымнан қайнаушы еді-ау, ыстық шайың! Жиналып қатар-құрбы, домбыра алып, О, дәуір, кеттің қайда, бізден тайлап?»

Енді Асқар Қожахметов ағаның өлеменмен жазылған хатына келейік:

«Атадан тумак рас, өлмек мирас, Бұл екеу бұрынғыдан қалған рас. Бұйрықсыз демің тынбас, шапың сынбас, Адамзат жазылғанды қорықмас рас. Ер жігіт туған жерін сағынады, Опасыз айтқан серттен жаңылады. Сағыну жан біткеннің қасиеті, Жамандық оңай нәрсө табылады. Тәуекел кеме суга кетірмейді, Қайрамай пышақ күзді жетілмейді».

Бұл қан майданға Жалағаш ауданының Жанаталап ауылынан аттанған жауынгер ағаларымыздың өлемен жазған хаттарының жадымда қалған бір бөлшегі ғана. Айта кетерлігі, бұл хаттар бұрын-соңды баспа бетін көрген емес. Анамның айтуынан есімде қалғаны, сол хаттардың көбі: «Жүз көріп жолыққанша есен боп тұр, осымен менің сөзім болды тамам!» деп аяқталатын. Жоғарыда аталған кісілердің ұрпақтары майдангер аталарының өлеменмен жазылған хаттарын оқып, үлкен әсер алады деген ойдамын.

Шайзада ӘШМОВ.
Қызылорда қаласы.

• ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

САЯЛЫ МЕКЕН ОРНАТУ
ӨЗ ҚОЛЫҢДА

Мемлекет басшысы табиғи байлықтың өз қалпында сақталуымен қатар, әр қала мен елді мекендердің жасыл желекке көмкерілуін қадағалай келе, атқарушы орындарға абатандыру мәселесін естен шығармауды тапсырып келеді. Жуырда Астана қаласының маңында орналастырылған жасыл белдеуді аралаған Елбасы Арқа төрінен Астана бой көтерген 17 жыл көлемінде 70 мың гектар жасыл желек егіліп, оның 12 мың гектары Астана қаласының көше бойлары мен саябақтарында орналастырылғандығын тілге тиек етті. 2020 жылға қарай осы бағыттағы жасыл желек көлемі 100 мың гектарға жеткізіледі. Міне, осы жақсы үрдіс әр аймақта жалғасын тауып, абаттандыру жұмысы жана қарқынмен дамыса көне.

– Елбасының жасыл желекті көбірек егуі, оның күтіміне барынша мән беру керектігі жөніндегі айтқаны «Мәңгілік ел» идеясының жүзеге асырылуының нақты көрінісі деп есептеймін. Бұрынғылар айтқан емес пе: «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп, сол айтпақшы, жасыл желек ету табиғаттың көркем етуімен бірге, ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді арттыратын бастама деп есептеймін, – деді Жаңақорған аудандық «Жұмыспен қамту -2020 орталығының» директоры Ақылбек Жәнібеков мекеме ауласына кіргенімізде-ақ. Оның мәлімдеуінше, биылғы жылы кенсе маңындағы бос жатқан 0,20 гектар жерді арнайы қоршап, оған 100 түтпен астам жеміс ағаштар мен саялы ағаштар егіпті. Оған қоса 0,40 шаршы метр жерге әлемі гүлдерді орналастырыпты. Мұндай шаруаларды бұрында қолға алғанымен су тапшылығынан кемдігі байқалатын-ды. Ал биыл 15 метрден құдық қаздырып, бау-бақшаның шарыары кіргізіп отыр.



Бұған қарайтын арнайы адам ұстауға қаржылық мүмкіндігі жоғы белгілі. Сондықтан осында қызмет істейтін жігіттер мен қыздардың барлығы түскі, кешкі үзіліс кездерінде жасыл желекті күтімге алады. Біз барған кезде Серік есімді жүргізуші жігіт өз міндетіне алған бөлекте кетпен шауып жатты. – Арам шөптерді уақытылы шауып, су салып қойса, ағаш жарықтың есе берелі ғой, - дейді ол көңілдене тіл қатып. Сол секілді бас есепші Люда Адаева, жас маман Нұргүл Сламбекова және басқалары да осы шаруамен тынбай айналысады. Мекеме басшысы Ақылбектің өзі де жасыл желек егуге құмар жанның бірі.


Осы мекемеге көршілес орналасқан аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі жасыл желек орналас-

тыруды ертерек қолға алған-ды. Мекеме басшысының орнынабасары Жамур Мүсілім саялы ағаш пен гүл өсірудің шебері десек артық айтқандық емес. Олар мекеме қоныс аударған 2013 жылдан бері абаттандыруды белсенді қолға алып, оның нәтижесін көріп отыр.

– Тұратын үйі және еңбек ететін мекемесін таза ұстап, айналасын гүлдендіру әр азаматтың міндеті болуы тиіс. Осы қасиетті міндетті кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, үйрете түссек дейміз, – дейді Жамур.

Иә, тұратын мекенімізді әрі саялы, әрі аулуы ету, жасыл желекке бөлеу өз қолымыздағы қасиетті шаруа.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Жаңақорған кенті.



● ОЙТҮРТКІ

КҮТУШІ ІЗДЕП ЖҮРСІЗ БЕ?

Заман ауыскан сайын адамдардың өмір сүру қажеттіліктері де, талаптары да жоғарылай беретіні белгілі. Заманымен ілессе келген кәсіптің бірі – бала күтушісі. Бүгінгі қоғамымызда бұл кәсіп иелеріне сұраныс көп. Жас балаға қарайтын кәсіп иелерін тек ауқаттылар емес, сонымен бірге қарапайым жұрт та іздей бастаған бұл күнде. Яғни, ғаламтор, таныс-тамыр, дос-жаран, туған-туыс кейде тіпті бейтаныс адамдар арқылы да бала күтуші іздеп, әуреге түсіп жүрген ата-аналар қатары артпаса кемімей отыр.

Әрине, бауыр еті баласын өзгенің қарауына беру қай ата-анаға да оңай соқпаса, керісінше, өзгенің баласы үшін жауапкершілік жүктеу қай жалдамалы бала күтуші үшін де жеңіл болмасы анық. Алайда, онсыз тағы жол жоқ. Өйткені, бұрын қазақ отбасында жалдамалы бала күтуші деген ұғым болған емес. «Балаңды өскенше, немеренді өлгенше бағасың» дейтін қазакемнің шаңырағында ұрпақ тәрбиесін мойнына алған әжелеріміз болған. Баласының тұңғыш перзентін бауырына басқанымен қоймай, қалған немерелерінің де бар қызығы мен шыжығын өздері арқалайтын ақ жаулықты аналарымыз мұны парызындай санаған. Келінге болысып, үй шаруасына араласып, оған қоса немере күтімін де ынта-ықыласпен атқаратын сол әжелеріміз қазір қайда деп ойлайсың кейде.

Кезінде өзімізді де әжеміз бақты. Етегіне жабысып алып той-томалаққа «біз де барамыз» деп қығылықты салатын-быз. Сол себепті әжем күнде болмаса да, құнара не аптасы-на бір ауылдың не көрші ауылдың бір шалын «өлтіретін». Өйткені, өлген жерге балалар бармайды. Жаз шыға қаладағы, даладағы немере біткеннің бәрі сол әжеміздің үйіне жиналушы едік. Бұл жағдай тек біздің отбасымызға қатысты емес, сол кездегі кез келген ата-әжесі бар үйдің басындағы жайт еді. Әжесі тәрбиелеген баланың бауыр-

мал, көпшіл әрі ақылды болатынын зерттеушілер дәлелдеп бергені қашан. Отбасындағы мейірімділік пен сыйластық та ақ жаулықты ананың өнегесімен даритыны сөзсіз. Олай болса, неге күтуші тәрбиесіне зәру болып қалдық? Бүгінде няня іздеп жүрген жас отбасылар неге көп?

Әрине, әжелер қазір де бар. Қазіргі әжелер немерелерін жақсы көрмейді, олардың болашағына алаңдамайды деп айта алмаймыз. Десек те, бүгінде әжелердің көбі жұмысбасты. Онан қалды, жасыратыны жоқ, бала бағып үйде отырғаннан гөрі «өз баламды өсіргенім аз емес, өз балаларынды өздерің өсіріңдер» деп жан тыныштықтарын күйтейтін, емін-еркін қыдырғанды қалайтын, сән салондарына барып өздеріне күтім жасауды ғана ойлай-тын әжелер қатары да баршылық. Оған қоса ата-әженің тәрбиесінен күтушінің тәрбиесін артық көретін ата-аналар да жетерлік арамызда. Осыдан кейін бұл кәсіп иелеріне деген сұраныстың артуы да заңдылық емес пе?!

Мамандар бала бағуышын терең зерттеп, сырына әбден қаныққан соң ғана қабылдаған дұрыс дейді. Себебі, бұл кәсіпті тек ақша табудың арзан жолына айналдырып алған алаяқтар жетеді. Оған бұқаралық ақпарат құралдарынан көптеп беріліп жатқан бала күтушілердің қылмыстары ту-ралы хабарлар дәлел. Бірі қожайынның үйін тонаса, енді бірі қарауындағы баласын ұрып-соққан.

Нянялардың жалақысы да олардың атқаратын қызметі, біліктілігіне қарай және әр қалада әртүрлі болып келеді. Көбіне бұл жұмысқа келетіндер мектеп бітірген, жоғары білімі жоқ жас қыздар. Егер тек баланызға қарап отырса үлкен қалаларда 40-50 мың теңгеден басталады. Ал оқу-сызуды үйретіп, оған қоса үйдің анау-мынау тіршілігін істейтін болса жалақысы да арта түспек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазір бала күтушіні тек

ауқаттылар ғана іздемейді, сонымен бірге қарапайым от-басылар да ұстауға мәжбүр. Бұған басты себеп, меніңше, сәбилерді қарайтын арнайы орындардың болмауынан. Бала күтіміне байланысты демалыс алған аналардың басым бөлігі ертерек жұмысына қосылғысы келеді. Алайда балаға қарайтын адам тағы жоқ. Осындайда амалсыз күтушінің қызметіне жүгінеді.

Елімізде балабақша саны жыл сайын артып келеді. Әсіресе, «Балапан» бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылғаннан бері мемлекеттік және жеке балабақшалар қатары анағұрлым артты. Десек те, кезекте тұрған ба-лалар саны әлі де болса азаймай отыр. Әсіресе, екі жасқа дейінгі сәбидің болашағы бала күтушінің қолында. Бұрын кеңестік кезеңде балабақшаларда арнайы ясли, яғни, бөбектер тобы болған. Өкінішке орай сол бөбекжайлар жойылды. Балабақшаға тек үш жастан бас-тап қабылдайтын жүйе қалыптасты. Ал бұл ерте кезден жұмысына қосылғысы келетін аналар үшін тиімсіз, әрине. Қазіргі кезде де мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие орындары сол қалыптан өзгерген жоқ. Яғни, үш жастан бастап қабылдайды. Тек бірен-саран жеке балабақшалар ғана бір жарым-екі жастан қабылдап жатыр. Бірақ ондай балабақшалар саны тым аз, олардағы орын да жеткіліксіз. Сондықтан баласын бөгде біреудің қолына тапсырып, опық жеп жатпас үшін ата-ана таныс-тамырға сұрау салып, жақсы күтуші іздеп әуре. Біздің елімізде бала күтушісін әзірлейтін курстар мүлдем жоқ. Ол мамандық ретінде қалыптаспаған. Яғни, «дипломсыз» кәсіп. Бірақ осыған қарамастан «няняларға» сұраныс жоғары. Осы орайда бала күтушілерді даярлайтын арнайы оқу орны немесе курстардың болуы ке-рек секілді. Немесе мемлекеттік балабақшаларда бұрынғы кеңес заманындағыдай бөбекжайларды ашуды қолға алған абзал. Сонда ата-ана баласының тағдырына алаңдамас еді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

“МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК” ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ



Жуырда Қызылорда облыстық корей, татар этномәдени бірлестіктері мен «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиа-лының ұйтқы болуымен қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінде қайырымдылық шарасы бо-лып өтті.

Акцияның негізгі мақ-саты – мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарттарға қам-қорлық көрсету, рухани де-меу білдіріп және уақыт-тарын тиімді өткізуге атса-лысу болып табылды.

Қайырымдылық шарасы барысында бірлестік өкілдері интернат тұрғынының жанында болып, олармен әңгімелесіп, сыр бөлісті. Корей этномәдени бірлестігінің өнерпаздары қызмет алушыларға арнап концерттік бағдарлама ұсынды.

Жылы соңында жүрегі мейірімге толы жандарға арнайы дастарқан жай-ылды.

С.АДАЙБАЕВА.

ҚОЛҚА (БРОНХЫ) ДЕМІКПЕСІ

Бронхы демікпесі тыныс жолдарының созылмалы ауруына жа-тады. Ол қабыну үдерісі түрінде өтеді және ұстамалы жөтелмен сипатталады. Оның бірнеше түрлері бар: аллергиялық басымдылық, аллергиялық емес және аралас түрі. Бронхы демікпесінің ағымы жеңіл, орташа және ауыр түрде өтеді. Және ең ауыр түрде өтетіні демікпе статусының болуы. Ол тары-лу, қабыну, шырышты қабаттың ісіну, без аппаратының жоғары секрециясы нәтижесінде сипатталады.

Бронхы демікпесі жағдайына кү-дік туғанда дәрігерге қаралу қажет. Сонымен қатар тексеру әдістерін: қанның жалпы сараптамасын, кеу-де клеткасының рентгенография-сын, ЭКГ, сыртқы тыныс қызметінің тексерілуінен өткен жөн. Мұнан басқа тыныс алу жаттығуларын, физиеом немесе ингаляциялық ем қабылдау қажет. Бұндай емнің түріне небу-

лайзер арқылы емдеу жатады. Атал-мыш емнің артықшылығына кез кел-ген жас шамасында және компрессор көмегімен дәріні үздіксіз жіберу жа-тады. Бұл әдістің көмегімен созылма-лы ренит, бронхит, ларингит, ринит, фарингит ауруларын емдеуге болады. Бұл әдісті үй жағдайында: суық тию, қиын бөлінетін қақырықты кешенді емдеу, стенозды емдеу мақсатында қолданады. Небулайзер емін жүргізу барысында бастың айналуы, жөтел пайда болуы мүмкін, бұндай кезде емді бірнеше минутқа тоқтату керек. Емді жүргізуден бұрын қақырық түсіретін дәрілерді қабылдауға болмайды және антисептикалық ауыз қуысын шаюға болмайды. Бір ингаляцияны емдеу курсы 6-8 ден 15 ретке жетеді.

Ішкәр ҚАЛМЫРЗАҚЫЗЫ,
Қызылорда қалалық
ауруханасының дәрігер-терапевті

ЖЕЛ БОЛАДЫ

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда гидрометеорология орталығы хабарлауынша, 20-22 шілдеде Қызылорда облысының кей жерлерінде солтүстік, солтүстік-батыстан соққан жел 15-20 м/с дейін күшейіп, шаңды дауыл күтіледі.

Осыған байланысты, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіздікті сақтау шараларына баса назар аударуын ескертеді.

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар
департаментінің Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында «Ер Сейтбембет» қоғамдық қоры ашылғанын хабарлаймыз. Сіздерге қордың Банк реквизиттерін ұсынамыз:

ИНН: KZ146010201000231084
БИК Банка: HSBKZKX
АО «Народный Банк Казахстана»
Байланыс телефондары: 8 702 871 88 50, 8 705 163 97 52
(Әбдиев Мейрамбек).

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ-ның «Шығыс Күмкөл кенішіндегі су айдалмау жүйесін жанарту, СТБ-1 су тарату бекетінен №241 ұңғымаға дейін 4» айдал-малау құбырын тарту» және «Күмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі су айдалмау жүйесін жанарту, СТБ-8 су тарату бекетінен №2047 ұңғымаға, СТБ-13 су тарату бекетінен №2016, №2021 ұңғымаларға дейін 4» айдалмалау құбырларын тарту» жұмыс жобалары бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электрон-ды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптары-на сәйкес «Шығыс Күмкөл кенішіндегі су айдалмау жүйесін жанарту, СТБ-1 су тарату бекетінен №241 ұңғымаға дейін 4» айдалмалау құбырын тарту» және «Күмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі су айдалмау жүйесін жанарту, СТБ-8 су тарату бекетінен №2047 ұңғымаға, СТБ-13 су тарату бекетінен №2016, №2021 ұңғымаларға дейін 4» айдалмалау құбырларын тар-ту» жұмыс жобалары жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бой-ынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-92-11.

КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ ЖАРИЯЛАУ

Ауыз су мен кәріз су жүйелерін пайдалануға
(ҚР Үкіметінің №1194 28 қараша 2003 жылғы қаулысымен бекітілген)
«Қызмет көрсетуші» «Қызылорда Сыр суы» ЖШС директоры Утепов Н.К. кәсіпорын Жарғысын басшылыққа алып, осы келісім-шартты ресми түрде жа-риялау арқылы Қараөзек, Айнакөл, Талсуат, Абай, Досан, Қарауылтөбе, Белкөл, Бірқазан, Пірқөл, Ақсарма, Ақсуат, Наурыз елді мекенінде тұратын жеке тұлғалармен, бұдан былай «Тұтынушы» мен осы төмендегідей келісім-шарт жасасты:

1. Келісім-шартты жариялау мазмұны
- 1.1. Келісім-шарт бойынша «Қызмет көрсетуші» ауыз су мен кәріз су желісі құбырын пайдалануды қамтамасыз етеді. «Тұтынушы» көрсетілген қызметтің төлемакысын төлеуге міндеттенеді.
- 1.2. Берілген ауыз судың сапасы мен қызмет түрі КР заңдылықтарына сай санитарлық-тазалық нормаларына және мемлекеттік стандартқа сәйкесіте.
- 1.3. Келісім-шарт «Тұтынушы» ауыз су және кәріз су құбырларымен қосылған жағдайда жасалады.
2. Қызмет көрсетуінің жағдайы
- 2.1. Қызмет көрсету мына жағдайларда тоқталады:
 - Апаттық жағдай туындап азаматтардың өміріне қауіп-қатер төнгенде;
 - Рұқсатсыз су құбырына қосып алғанда;
 - Екі айдан астам уақыт төлем төленбегенде;
 - «Қызмет көрсетуші» өкілдерін бірнеше рет су есептегіш құралдарын тексе-руге жібермеген жағдайда;
 - Құбырларды заңаласыздандыру қажеттігі туындағанда;
 - Тараптар арасындағы келісім т.б себептер бойынша;
- 2.1. «Қызмет көрсетуші» ауыз су құбырлары, кәріз су жүйелері тартылған, келісім-шартқа отырған және техникалық рұқсат құжаттары бар «Тұтынушыларға» қызмет етеді.
3. Төлем төлеу тәртібі және тараптардың міндеттері.
- 3.1. «Тұтынушы» «Қызмет көрсетушіге» көрсетілген қызметке төлемакыны әр айдан 25-не дейін төлеуге міндетті.
- 3.2. «Тұтынушы» рұқсатсыз ауыз су құбырына қосылса немесе су есептегіш құралының көрсеткішін бұрмалаған жағдайда, т. б. заң бұзушылық жасалынса айыппұл салуға құқылы.
- 3.3. «Тұтынушы» ауыз су құбыр желісін, су есептегіш құралдарын «Қызмет көрсетуші» өкілдері тексеру барысында кедергісіз кіргізуге, берілген жазбаша немесе ауызша ескертулерді белгіленген мерзім ішінде орындауға міндетті.
4. Ерекше жағдайлар
- 4.1. «Қызмет көрсетуші» судың сапасын тексеру және заңаласыздандыру жұмыстарын «тұтынушыларға» теледидар және хабарландыру арқылы санәңгі-станса қызметкерлерімен бірігіп жұмыс жүргізеді.
5. Дауаларды шешу тәртібі
- 5.1. Барлық туындаған даулар мен арыздар «Қызмет көрсетуші» мен «Тұтынушы» арасында бейбіт жолмен шешілуге жатады. Тараптар бейбіт жол-мен келісімге келе алмаған жағдайда, сотқа шағымдану арқылы шешіледі.

«Қызмет көрсетуші»
«Қызылорда Сыр суы» ЖШС
Қызылорда қаласы, Маханбетов көшесі, н/ж
КБЕ 17, КФ АО «БанкЦентрКредит»,
P/C KZ428560000005855903
БИК: KGBJKZKX, БИН: 130440026162

ЖАРАМСЫЗ ДІП ЕСЕПТЕЛСІН

Тоишиев Рүстембек Исламұлының атына Қызылорда облы-сы, Жаңақорған ауданындағы №169 орта мектепті 1995 жылы бітіргені жөнінде берілген ОАП №0133491 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Баймағанбетова Гауһар Зулыпқарқызының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылындағы №137 орта мектепті 1994 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА-ІІ 0130459 ат-тестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Коразова Света Дуйсенбиевнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылындағы Ғ.Мұратбаев атындағы №91 орта мектепті 2004 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №0691734 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұжымы әлеуметтік сала ардагері, зейнеткер

Әшірова Сара Әбсұлтанқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық балалар мен жасөспірімдерге арналған туберкулезге қарсы санатория ұжымы осы мекеменің бөлім меңгерушісі

Өтегенов Кенарал Әбжәмиұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ АРАҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ



Қазіргі уақытта өмір та-лабына сай бір мамандықпен тіршілік ету жеткіліксіз. Сіздің болашақта қызмет жо-лында өсуіңізге, бизнес кәсіпкерді дамытуда қосымша мамандық алудың маңызы зор. Арақашықтан оқыту сіздің уақытыңызды алмай, осы жерде Қызылорда қаласында оқып, білім аласыз. Бұл бір жағы істеп жатқан жұмысыңыз

тоқтамайды, екінші жағы қосымша білім аласыз. Бұл университеттің тағы бір ерекшелігі рейтингісі жоғары. Республикадағы 14 экономикалық оқу орнында екінші орын алады. Бірінші КИМЭП университеті, екінші Қарағанды экономикалық Университеті, Қазақстандағы бүкіл жоғары оқу орындары бойынша жетінші орын алады. Бұл университеттің ерекшелігі біздің ректорымыз Ерқара Балқараевич Аймағанбетов жаңалыққа құмар басыы болды. Соның арқасында шетелге шығып іздену нәтижесінде ең озат оқу әдісі арақашықтан оқытуды тауып, елімізге бірінші бо-лып енгізді. 2007 жылдың 30 қаңтарында Қарағанды экономикалық университетіне келген Республиканың Премьер Министрі Қарім Мәсімов жанадан қолданып жатқан шет елден алып келген арақашықтан оқыту әдісімен танысып, оны ұнатып, 2007 жылдың 11-12 мамыр күндері еліміздегі барлық ректорларды қатыстырып, оқуға арақашықтан оқыту жөнінде республикалық семинар болды. Сонымен қатар универ-

ситет оқудың сапасына көңіл бөліп, шетелдің озат әдістерін зерттеп қолданады. Соның нәтижесінде Университет дүние жүзіндегі озат университетпен байланыс жасай-ды. Атап айтқанда, США, Британия, Италия, Швейцария, Россия. Қорытындысында университеттің мұғалімдері осы оқу орнында тәжірибеден өтті. 1994 жылдан бері университетте ТАИС программасы бойынша Великобританияның университетімен байланыс жасайды. Устіміздегі жылы университет ұжымының дамыл таппай ізденіп, нәтижелі еңбек етудің арқасында университетіміз Қазақстанда 8 университеттің бірі болып Евростандартқа ие болды. Сондықтан осындай Қазақстандағы рейтингісі жоғары, Евростандарт алған жақсы университетке арақашықтан оқуға шақырамыз.

Университет келесі мамандықтар бойынша оқуға қабылдайды: Экономика, Қаржы, Менеджмент, Құқықтану, Келен ісі, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Маркетинг, Есеп және аудит, Әлем экономикасы, Халықаралық қатынастар, Құқық және экономика негіздері, Ақпараттық жүйелер, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Стандарттау, сертификаттау және метрология, Азық-түлік өнімдері технологиясы, Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі, Әлеуметтік жұмыс, Бағалау, Логистика, Экология, Туризм.

Оқу ақысы республикадағы ең арзан бір жылға -142000 теңге. Оқу мерзімі – жоғары білім негізінде – екі жыл. Орта кәсіби білім негізінде - үш жыл. Оқуға түсу жөніндегі арыз 2015 жылдың 20 маусымынан 20 тамызға дейін қабылдайды.

Келінділер, арақашықтан оқыту орталығы оқуға шақырады.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64, «Ұлағат-Қызылорда» колледжі ғимараты, тел.: 235011, 87054484250.
Қарағанды экономикалық университетінің Қызылордадағы өкілдігінің директоры, з.ғ.д.: Ж.О.САРБАЛАҚОВ.